

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ
Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т
МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана, Парламент Мәжілісі
20 __ жылғы «__» _____
№ _____

010000, Астана, Мажилис Парламента
«__» _____ 20 __ года

2022 жылғы 9 қарашада жарияланған

**Қазақстан Республикасының
Бас Прокуроры
Б. Асылқожа**

**Қазақстан Республикасының
Мәдениет және спорт министрі
Д. Абаевқа**

ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ

Құрметті Берік Ноғайұлы!

Құрметті Дәурен Әскербекұлы!

Сорақылық төрге озған заман болды. Сахнаға шыққан әнші мас боп сөйледі, боқауыз да айтты, құтылды. Ұлттық құндылықтарды аяқасты еткендер тек кешірім сұраумен сытылды. Ал, боқтық сөз насихатқа айналды. Хит TV телеарнасындағы «Qaz Stand Up» хабары – сөзіміздің дәлелі. Кейінгі кезде мазмұны, контексті боқауыз сөздерге толы сериалдар қаптап келеді. Кинодағы мұндай көріністер барлық әлеуметтік желілерде желдей есіп жүр. Осыдан екі жыл бұрын «Қайрат болма, адам бол» деген сериалда қазақтың рухты есімін жерге таптағанын көрдік. Мұндай веб сериалдардың бірі енді толық метражды фильм ретінде кинотеатрларға шықты. Бұған дәлел - дәл қазір Қазақстанның барлық кинотеатрларында көрсетіліп жатқан «Пацанские истории» фильмі.

Әрине, 18+, 21+ жас санатына арналған мұндай фильмдерге ешқандай шектеу жоқ. Бірақ бұл әрекеттер біртұтас ұлттың тағдырына, қоғамға, идеологиямызға, мемлекеттік саясатқа кереғар әсер етіп жатқанын түсініп отырмыз ба?

ҚР-ң кинематография туралы Заңының 8 бабының 3 тармағында «ҚР аумағында «21 жастан бастап» жас санаты бар фильмді кинозалдар мен осы мақсаттарға арналған өзге де орындарда жергілікті уақытпен сағат 22-н кейін таңғы сағат 06-ға дейін прокаттауға жол беріледі» деп нақты көрсетілген. Ал, бұл фильмдер кинотеатрларда кешкі сағ 18-н бастап көрсетіліп жүр. Оң-солын танымаған жастар, ата-анасынан кешкі уақытқа сұранып шыққан жасөспірімдер емін-еркін көруде. Сонда бұл заңды білмеу ме, әлде көпе көрінеу заңды белден басу ма? Жаңа Қазақстанда заң үстемдігін орнатуға күш салып жатқанда, мұндай сорақылыққа кім және не үшін жол беріп отыр? Прокаттауға рұқсат беретін Мәдениет министрлігі бұған не дейді?

Ал, жалпы белең алып бара жатқан мұндай арзан күлкі, бейпіл сөз, белден төмен әңгімелерге толы бейнеконтенттер, фильмдер, сериалдар өз алдына, енді бейәдеп сахналар, сайқымазаққа айналған халықтық шығармалар театрларда көрсетіле бастады. Оның бір мысалы, Қалибек Қуанышбаев атындағы академиялық театрда сахналанған Ғабит Мүсіреповтің «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» шығармасы. Көрдік. Қатты сасқанбыз, бетті басқанбыз. Қоғамның сұранысы деген желеумен ұлттық шығармаларды да былғай бастадық.

Мұндай әрекеттер қоғамға, өскелең ұрпақтың дүниетанымы мен санасына тіпті әрірек айтсақ, мемлекеттігіміздің тұтастығы мен ұлттық ұстынымызға кереғар екенін қоғам жанашырлары шырылдап айтып та жүр. Рухани ұстынымызды қайтсек түгендейміз деп жүргенде, ұрпақты дүбара қылатын мұндай насихат жаудан да қауіпті болып тұр.

Дамитын елде мәдениет қоғамдағы былықтың айнасы емес, ұлт руханиятына қызмет ететін құндылық болуға тиіс.

Жоғарыдағыларды ескере отырып, мынандай ұсыныстарды жолдаймыз:

1. Аталған киноның кинотеатрларда көрсетілу барысында заң талаптарының бұзылуына жол берген тиісті мекемелер Прокуратура тарапынан тексеріліп, тез арада жауапқа тартылуы тиіс.

2. Бұдан былай мұндай сорақылыққа жол бермеу үшін кино саласы жіті қадағалауға алынуы қажет. Тиісті министрлік прокат куәлігін берерде қоғамдық пікір мен мемлекеттік саясат тұрғысынан прокатқа шығатын фильмдерге талапты күшейтуі тиіс.

Әлеуметтік желідегі жарияланымдарда, театрда және басқа да қоғамдық орындарда көпшілік қауымға арналған қойылымдарда сахна әдебі сақталуы тиіс. Біз Жаңа Қазақстан депутаттық тобы Кинематография және Мәдениет туралы заңды зерттеп, ұлттық құндылықтар мен идеологиялық мәселелер тұрғысынан күшейтуді қарастырамыз және бұл талаптар БАҚ туралы заңда да ескертілетін болады.

Құрметпен,
«Жаңа Қазақстан» депутаттық тобының мүшелері, депутаттар

М. Тәжмағамбетова
Е. Жаңбыршин
Ж. Сүлейменова
Ә. Әбсеметова
С. Мусабаев
Е. Бейсенбаев
С. Нақпаев
Ж. Әшімжанов
Г. Бижанова
Б. Дүйсенбинов
З. Камасова
Ғ. Ташқараев
Е. Абақанов
Л. Рамазанова
А. Құспан
Б. Сартбаев
Ғ. Әміреев
А. Сарым
Н. Дементьева
С. Имашева
Ж. Телпекбаева
Г. Нұрымова
Д. Еспаева

«AMANAT» партиясының фракция мүшесі, депутат

Б. Кесебаева
А. Әлтай
Г. Шиповских

«Ақ жол» фракциясының мүшесі, депутат

Қ. Иса
С. Ерубаяев
А. Жумабаева
Е. Өмірғали

Орын.Габдуллина Ж.
Тел.74-63-28
Gabdullina@parlam.kz